

## Әдебиеттер тізімі

1. М. Мағауин Қазақ тарихының әліппесі. Алматы: Қазақстан, 1995.
2. Н. Мыңжан Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы: Жалын, 1994.
3. А. Сейдімбек Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008.
4. Э. Телеуова Тәуке сұлтан хандықтың ішкі ісіне жас күнінен араласа бастаған. //Аңыз адам. - №24 (60) желтоқсан. - 2012. - 30-33 б.
5. Ш. Қаймолдаұлы. «Жеті Жарғы» жөнінде не білеміз? //Қазақ тарихы. - №2. -1993. -22-25 б.
6. Б. Ғабдулина Тәуке тұсындағы Қазақ хандығы. //Қазақ тарихы. - №6. - 2004. - 3-7 б.
7. Ж. Артықбаев Өз Тәуке хан. //Аңыз адам. - №24 (60) желтоқсан. - 2012. - 16-18 б.
8. Ш. Қаймолдаұлы «Жеті Жарғы» жөнінде не білеміз? Қазақ тарихы:№3, 1993 ж. 23-25 б.
9. Н. Өсерұлы Жеті жарғы. - Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 1995. – 80 б.
10. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 640 б.

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАРУ-ЖАРАҒЫ

*Өтеген Исенов*

тарих ғылымдарының кандидаты, доценті

*Бектұрғанов Қуаныш*

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Қостанай қ., Қазақстан Республикасы

Мақаламызда қазақ халқының жаугершілік заманындағы қолданған қару-жарақтарының түрлерін қарастырмақпыз.

**1. Қазақтың бес қаруы.** Қазақтарда «ер қаруы – бес қару» деген мақал сөз бар. «Ер» сөзі батыр дегенді білдіреді. Қару – соғыста қолданылатын шабуыл құралы. Соғысқа қатысты екі сөз қосылып «ер қаруы» деген сөз тіркескенде, әскери термин ретінде, жай қару емес, батырдың қаруы, соғыс қаруы, яғни «жауынгерлік қару» деген ұғымды білдіріп тұр. Сондықтан «ер қаруы – бес қару» деген сөз тек батырларға байланысты айтылады. Қазақ батырларының қаруы – көшпенділер қаруының заңды жалғасы. Қазақтардың қару жасау, қолдану өнерінде көне дәстүрлер өткен ғасырларға дейін сақталып келді. Соғыста қолданылатын ер қаруының негізгі түрі бесеу болғанмен, ғасырлар бойы даму барысында әр қарудың бірнеше үлгілері пайда болып, әртүрлі формалары қалыптасып, жасалу жолдары күрделеніп, жетілдіріліп отырды. Қару арқылы өз елін жаудан қорғады [1, 86-87].

**2. Түйрейтін қарулар.** Түйреу қаруы – атты жауынгердің негізгі қаруларының бірі. Қазақтар қолданған түйреу қаруының негізгі үш түрі болды. Қарудың бірінші түрі – жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста сауытсыз қарсыласқа қолданылатын «найза». Түйреу қаруының екінші түрі – темір сауытпен жарақтанған қарсыласқа қарсы қолданылатын «сүңгі». Түйреу қаруының үшінші түрі – алыс қашықтыққа лақтыру арқылы қолданылатын қысқа сапты «жыда». Жақын қашықтықта, бетпе-бет айқаста түйреу арқылы қолданылатын қару түрі – «найза». Оның жарақат салатын негізгі бөлігі – «басы», қолға ұстайтын жері «сабы». Найзаның ұзын келген, екі басы да үшкір, сауытты тесуге арналған түрі – «сүңгі» деп аталады. Айқаста сүңгінің екі жақ басы бірдей қолданылады. Найзаның басындағы темірден жасалған түйрейтін бөлігі – «жебесі» деп аталады. Найза жебелерінің жалпы ұзындықтары 27-57,5 см аралығында болып келеді. Майыспайтын берік болу үшін, кейбір жебесі ұшының ортасында екі жағынан дөңес қыр жасалды. Әр типтің ұңғысы күмбезсіз, ұңғысы бір күмбезді немесе ұңғысы қос

күмбезді үлгілері болды. Жебенің «ұшы», «қыры» бар. Сапқа орналасатын бөлігі – «ұңғысы». Ұшы мен ұңғысы арасында кейбір найза жебелерінің дөңгеленіп келген «күмбезі» болады [1, 73].

Найза сабының қолға ұстайтын тұсына (ортасына) және төменгі жағына қайыстан байлап «ілгек» жасайды. Жорықта сол ілгектерінен қолдың қарына және етік пен үзеңгінің басына іліп алады. [2, 67].

Найзалардың ұзындығы 1,5 - 2 м, ал сүңгілер 3 - 3,5 м-ге дейін жетеді, ал жуандығы 3 - 3,5 см болған. Ерте замандарда көшпелі түркі халықтарында лақтыруға арналған қысқа найзалар да болған. Найзалардың жебелері болаттан, алмас темірден жасалып, көбіне екі қырлы болып жалпақтау, жапырақ тәріздес болады. Сабын сынбас үшін тарамыспен орап, темір шығыршықтармен бекітеді. Кейбір найзалардың жебелері әдейілеп уға, зәрге суарылатын [3, 70 -71].

**3. Кесу қарулары.** Қоян қолтық айқаста кесу арқылы қолданылатын қару «қылыш». Сондықтан қазақта «қылыш міндеті – кесу» деген мақал бар. Бұл қарудың ертеде қолданған, екі жүзді, түзу түрі – «семсер» деп аталады. Семсер сияқты түзу, бірақ қылыш сияқты бір ғана жүзі бар түрі – «сапы».

Қылыш бөліктерінің атаулары мынадай. Кесетін темірі – «болаты», қолға ұстайтын бөлігі «сабы». Ол ағаштан, мүйізден жасалып, ұшы алтындатылып, асыл тастармен әшекейленеді. Сабына қолға алып жүру үшін тағатын жібі – «бүлдіргі». Бүлдіргінің ұшы кішкентай шашақпен бітеді. Қылыштың сапқа кіргізілетін бөлігі – «жетесі». Сабымен қылыштың болаты түйіскен жерде қолды тіреп тұратын темірі – «балдағы». Бұл күндері сөздіктерде «балдақ» қылыштың сабы деп қате түсіндіріліп жүр. Қазақ тілінде «балдақ» сөзі тірек мағынасында қолданылады. Қылыштың балдағы да қолға тіреу, қылыштасқанда басқа қаруды тіреп ұстауға арналған. Ауыз әдебиетінде де «балдақ» сөзі қылыштың тірек темірін мағыналайтынын байқауға болады [1, 104-105].

Кейбір қылыштардың басы ауыр болу үшін жалпайыңқырап келіп, сырт жағы шығыңқы болады. Оны «жалманы» дейді. Қылыштың осы бөлігінің атауы түркі тілінен орыстарға көшкен. Орыс тілінде бұл «ельмань» деп аталып кеткен. Кейбір қылыштарды шапқанда ауыр болу үшін жалмандарын үлкейтіп, жалпақ қылып жасайды. Ондай үлкен, ауыр қылыштарды қынсыз, жалаң ұстаған. Қылыштың бұл түрін қазақтар «алдаспан» деп атап, өте жоғары бағалаған. Оның белге тағуға арналған бауы – «қылышбау». Қынаптың аузын бекітетін металл сақиналары (мойнақ), түп темірі, бауға тағуға арналған шығыршықтары бар «құрсаулары» болады [1, 73].

**4. Шабу қаруы.** Айбалта көнеден келе жатқан көшпенділер қаруының бірі. Қазақ батырлары айбалтаны жиі қолданған. Сондықтан еліміздің музей қорларында қазақ айбалталарының бізге жеткен үлгілері көп. Айбалтаның бөліктерінің атауларына келетін болсақ, металдан жасалып, шабуға арналған негізгі бөлігі «басы», қолға ұстайтын бөлігі – «сабы» деп аталады. Басының сабымен түйіскен жері «сағағы». Балтаның басының жалпақ келіп, шабуға арналған жағы «жалманы», шабатын жері – «жүзі»

Айбалталардың саптарының орташа ұзындығы әдетте 75-100 см аралығында болды, диаметрі 3 см. Бұл ұзындық ат үстінде айқасуға ең ыңғайлы мөлшер болатын. Қысқа сапты кішкентай жауынгерлік айбалта «балташық» деп аталды. Балташықтардың жүздерінің ені 7-8,5 см, саптарының ұзындығы 38-43 см болып келеді [2, 81].

**5. Ату қаруы.** Отты қару пайда болғанша көшпелілер батырлары қолданған атауы қару түрінің қазақ тілінде бірнеше атауы бар. Олар «жақ», «жай», «садақ», «адырна» сөздері. Жақ негізгі екі бөліктен тұрады. Серпінді етіп ағаштан, сүйектен жасалған, негізгі атқаратын бөлігі – «адырна» деп аталады да, оған керілген, оқты тіреп қоятын жібін – «кіріс» деп атайды. Жақтың адырнасының өзі үш бөліктен тұрады да олар әртүрлі материалдар қолданылып жасалады. Олардың атауларына келетін болсақ, адырнаның қолға ұстайтын жері (ортасы) – «белі», иілген бөліктері – «иіні», кірісі байланатын екі ұшы – «басы» деп аталады [2, 115].

Жақтың белі мен басы – қозғалмайтын, қатты бөлігі де, иіні – қозғалатын, серпінді бөлігі. Серпіні қатты болу үшін адырнаны кері жаққа иеді. Адырнаның екі иінінің ұзындығы бірдей немесе біреуі ұзын (үстінгісі), екіншісі қысқалау (астыңғысы) жасалуы мүмкін. Адырнаның әр бөлігі әр түрлі ағаштардан құралып жасалып, әр жерлерде сүйектермен күшейтіліп, ажырамас үшін, қосылған жерлерінде қайыспен буылады. Мұны «садақ буу» дейді [2, 68].

Жақтың атылатын оғы – «жебе». Хакас тілінде «жебе» - оқтың темір басы. Қазақ тілінде де найзаның темір басы «жебе» деп аталады. Бұдан біз «жебе» сөзі оқтың өзінің емес, темірден жасалатын бөлігінің атауы екенін көреміз. Енді оқтың бөліктерінің жеке атауларына тоқталайық. Оқтың қадалатын бөлігі – «басы», темір бөлігі – «жебесі», ағаштан, қамыстан жасалып жебе бекітілетін бөлігі – «сабы», оның ортасы «белі», төменгі жағы – «масағы» [1, 93].

Оқтың жебесінің «қыры», «ұшы» болады. Жебенің сапқа орнатылатын бөлігін «ұңғысы» дейді. Жебенің ұңғысы мен ұшының арасында дөңгелене келген «күмбезі» болады. Оқтың сабы талдан, тобылғыдан, қамыстан жасалған. Кейде майыспайтын қатты болу үшін жуан қайың ағаштан жарып, жонып та жасалады. «Ата көрген оқ жонар» дейтіні содан.

**7. Соғу қаруы.** Бес қарудың соңғы түрі – шоқпар. «Шоқпар» деп негізінде басы мен сабын біртұтас қылып, түбірлі ағаштан жасалған соғу қаруын айтады. Бұл соғу, ұру арқылы қолданатын қару. Қарудың негізгі ұруға арналған бөлігі «басы», қолға ұстайтын бөлігі «сабы». Басының сабымен түйіскен жері «сағағы». Сабына қолға алып іліп алу үшін қайыстан «бүлдіргі» тағылады [2, 86].

Бастары металлдан бөлек жасалып, сапқа орнатылатын соғу қару «гүрзі» деп аталады. Ауыр болғандықтан мұндай гүрзінің сабы металлдан немесе ағаштан жасалып, сынбас үшін сыртынан металлмен қапталып, осал жерлері металл сақиналармен буылған. Гүрзі бастарының диаметрлері 7,5-8 см аралығында, биіктіктері – 4-5,3 см, салмақтары – 800-900 г. «Шоқпар ұстаған жерінен сынбайды» деген қазақ мақалы бар.

«Бұздыған» – басы бірнеше тілімді, қырлы болып темірден жасалған жеңіл шоқпар. Бұл қару типінің атауы «бұзу», «бұздыру» сөзінен шыққан. Бұздыған бастары алты не одан көп тілімді болып жасалады. Басы кішкентай жеңіл болғанмен, тілімді, қырлы болғандықтан бұл қарудың соққысы өте қатты болады. Музейлік нұсқалардағы бұздыған бастарының диаметрлері 6-7 см, салмақтары 600-800 гр [1, 127].

**8. Жарақ түрлері.** Соғыста жеңіске жету үшін батырларға шабуыл құралдар – қарулармен қоса жақсы қорғаныс құралдары – жарақта да қажет. Қазақтарда қорғаныс жарақтары өте ерте заманда қолданыла бастаған еді. Қазақ батырлары қолданған қорғаныс жарақтарын негізгі қызметіне, қолдану әдісіне қарай мынадай түрге бөлуге болады:

1. Кеудені қорғайтын жарақтар: а) сауыттар – денеге кию арқылы қолданылатын түрі;

б) шарайналар – денеге байлау, тағыну арқылы қолданылатын түрі.

2. Басты қорғайтын жарақтар – дулығалар.

3. Қолды, аяқты қорғайтын қосымша жарақ түрлері – жеңсе, тізелік, балтырлықтар.

4. Қолға ұстап қолданылатын жарақ – қалқан.

Ер қаруы сияқты батырлар жарағы да қадір тұтылып, қастерленіп, әр батырдың өзіне арнайы соқтырылып, әкеден балаға мұра болып қалатын. Қадірлі зат ретінде жарақтар түрлі қадірлі сыйлардың құрамына кіріп, құрметті сыйлық болып саналды. Енді әр жарақтың түрлеріне жеке-жеке тоқталайық.

**9. Қорғаныс жарақтары – сауыт.** Кеудені қорғау үшін қолданылатын жарақтың негізгі түрі – «сауыт». Жалпы затты сақтау үшін тұтынатын жабдық пен кеудені жауып, сақтап тұратын әскери жабдықтың бірдей «сауыт» аталуы олардың қызметінің бірдей болғанына байланысты.

**10. Көбе сауыт** – «Көбе» сөзі ана тілімізде құстың денесіндегі, қанатындағы бірін-бірі баса орналасқан қауырсындарға және бір жағы терінің астына кіре орналасқан тырнаққа қатысты айтылады. Бұлай бірін-бірі баса орналасуды «көбелену» дейді. Табиғатта құстардың қауырсындарының, жыланның, балықтың қабыршақтарының бұлай орналасуы суықты, желді, суды өткізбейтін қорғаныс қасиетін күшейту үшін пайда болды. Осыны жақсы білген қазақтар сырт киімге тері, сүйек, кейін металл тіліктерін бір-бірін бастыра, көбелендіре бекітіп, киімнің қорғаныс күшін арттырып, сауыт жасай бастаған. Мұндай сауыт түрі «көбе сауыт» деп аталады. Құстың, жыланның бейнелері, қауырсындар мен жылан қабығы «жыланбастар» өте ерте заманнан адамды, қатты түрлі бәледен, көз тиюден сақтайды деп саналатын. Құстың қауырсынына, жыланның қабығына ұқсатып сауытты көбелеу оның қорғаныс қасиетін арттырып қана қоймай, сонымен бірге магиялық, ырымдық рольде атқарған [2, 98].

**11. Кіреуке сауыт** – ана тілімізде «кіреуке» сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіреді. «Кіреукелер» сөзі «торлану» дегенді білдіреді, яғни торлы сауыт. Бұл сауытты болат не темір «шығаршықтардан» тоқу, өру арқылы жасайды. Кіреуке сауыттың дөңгелек шығыршықтары «көз» деп аталып, олардың көлемі, диаметрі әртүрлі болады. Ең кішкентайларын «торғай көз» немесе «шөже көз» деп атаған, яғни шығыршық тесігінің үлкендігі торғайдың, шөже балапанның көзінің үлкеніндей-ақ болғандықтан.

Кіреуке сауыттың пішіні бешпент пішіндес болып келеді. Жендері шынтакқа дейін ғана келетін қысқа, етектері де ұзын емес, жағасы кейде болады, кейде болмайды. Етектері алды-артынан, кейде екі бүйірінен, қозғалуға ыңғайлы болу үшін жырылып жасалады. Кіреукеңің шығыршықтары темір сымнан дөңгелене жасалып, ұштары түйіскен жерлері шегемен немесе пісіріп дәнекерлеу арқылы бекітіледі [2, 104].

Музейдегі кіреукелердің ұзындықтары 70-85 см аралығында, ені жеңдерімен бірге алғанда 100-130 см, бел тұсында 60-65 см. Кеуде тұсында кіреуке жағаларының өңірі алдынан 20-25 см жарылып жасалған. Кіреукелердің көбінің етектерінің алдында және артында да 15-20 см жырымдары бар. Етек жырымдарының алдыңғысы әдетте артқысынан ұзын болып келеді. Кіреукелердің көбіне етегінің ұзындығы тізеге дейін болады, бірақ кейде тізеден төмен, ұзын болып жасалғаны да кездеседі. Кіреукелердің салмақтары 5600-7000 гр. болып келеді.

**12. Берен сауыт** – «берен» сөздері тілімізде қаруға қатысты айтылғанда «берік, асыл болат» деген мағынаны білдіретінін ескерсек, «берен сауыт» сөзі болат темірлі сауыт дегенді білдіретінін қиын емес. Берен сауыттың пішіні «құяқ» сияқты кеудеше түрінде жеңсіз, етегі қысқа жасалып, екі бүйірінен жырылады да, мойнынан киіліп, баумен, түймемен, ілгекпен байланады. Үлкен темір тақталардан жасалып, иілуге онша келмейтіндіктен бұл сауыт кеудеше пішіндес болып, етегі қысқа жеңсіз жасалады. Сауыттың екі бүйірі жырылып, мойын тесігінен киіліп, баумен байланған.

Болат тақталар сауыттың тысына іш жағынан бекітіле бастайды. Оларды бекітетін қайырма шегелердің бастары сауыт тысының сыртында белгілі бір өрнек құрап тұрады. Сәнді болу үшін шегелердің бастары әдемі қылып жасалып, жалтырлатып кейде алтындалатылып қоятын. Іштен бекітілгендіктен болат тақталардың ара-жігі ашылмай, денені жақсы қорғайды, қару өткізбейтін берік болады. Мықты болу үшін тақталарға қосымша қырлар салынған [1, 139].

**13. Жалаңқат сауыт** – бұл сауыт атауындағы «жалаң» мен «қат» сөздерінің қолданылуына қарағанда бұл сауыт астарсыз, не тыссыз бір ғана қабаттан тұратын болу керек. Бұл сауыт түрі металдан тұтастай соғылып жасалған екі бөліктен, кеуделік және арқалық бөліктен тұрады. Сыртқы формасы жеңсіз кеудеше пішіндес, белден сәл ғана түсіп тұратын қысқа болады. Бұл екі негізгі бөлігі бір бүйірінен топсалар арқылы, бір жағынан және екі иық тұсында бау, ілгек арқылы байланған. Теріден жасалған сауыттардың арқа кеуде тұстары қосымша болат айналармен немесе мойын белі, өңірі темір

таспалармен күшейтіледі. Ал темір жалаңқаттарға адам денесінің формасы беріліп, кеуделік бөліктері әртүрлі ырымдық сурет, бейнелермен әшекейленеді [2, 115].

**7 Қаттама сауыт** – қазақ батырлары металдан соғылған берік сауыттармен қатар, жұмсақ материалдан жасалған жеңіл сауыттарды да киген. Матадан, жұмсақ киізден тігіліп, мақтадан, жүннен сырылып жасалған сырт киімдерді қорғаныс жарағы ретінде кию қазақтарда өте ертеден белгілі. Қазақтар бірнеше қабат жібектен, не басқа матадан тігіліп, жүн мақта, қыл салып сырылған жеңіл сауыт түрін қолданып, оны «қаттама» немесе «қаттау» деп атаған. Бұл жарақ әрі жылы киім, әрі қарудан қорғайтын сауыт бола алатын. Жібек не басқа матадан қабаттап тігілген сауыттың астарының ішіне қыл, жүн, кейде кіреуіктердің үзіктері салынып, қозғалмас үшін диагональдап торлап сырылады. Қаттаудың сырылып тігілген жерлерінің түйіскен тұстары, кейде тор көздің ортасы да қосымша қайырма шегелермен бекітіледі. Кейде тігістің орнына түгелдей шегелермен бекіткен.

**Шарайналар** – кеудені қорғау үшін сауытпен қатар қолданылатын жарақ түрі – «шарайна». Жауынгерлер қарудан қорғаныс ретінде сырт киімнің кеудесіне, арқасына, иығына дөңгелек болат тақталар бекіткен. «Шарайна» атауы «шар» парсыша «төрт» деген сөз. Белді кеудеге дейін қорғайтындай жасалып, үлкен төрт болат тақтадан құралған шарайна төртбұрышты болып жасалып, екеуі адамның арқасы мен алдын, екеуі екі бүйірін қорғап тұратындай, бір-бірімен қайыс бау, ілгек арқылы байланады.

Шарайна тақталары қалыңдығы 2 мм болат тақтадан соғылып жасалған, өзара металл ілгектермен байланысқан төрт тақтадан тұрады. Тақталар адам денесіне сәйкес сәл дөңестеліп жасалған. Кеуделік тақта тура ортасынан темір топсамен қосылған екі жарты бөліктен құралады. Әр жартысы қырнау әдісімен өрнекті раманың ішінде жазылған Құран аяттарымен әшекейленген, тақтаның екі бөлігі қосылғанда біртұтас ою құрайды. Арқалық тақтаның жоғарғы жағы дөңгелене келген үш бұрыш формалы болып бітеді де, мойынға дейін жетіп, жауынгердің арқасын толық жауып тұрады [1, 87].

**Қалқан** – қорғаныс құралы ретінде өте ерте заманнан қолданылғаны белгілі. Өз атауы айтып тұрғандай бұл жаракты қолға ұстап, денені оқтан, қарудан «қарқалау» арқылы қолданылады. Ат үстінде соғысуға арналғандықтан қазақтың қалқандары кішкентай, жеңіл болып жасалған. Жасалу материалына байланысты әр қалқан түрінің сырт формасының өз ерекшелігі бар. Талдан өріліп жасалған қалқан үлгілері өте ерте пайда болған. Олардың формасы төртбұрышты болып келеді. Талдың шыбықтары түрлі түстерге боялып, терінің қайыстарымен қосылып өрнек құрап тұрады.

Болат қалқандардың формасы дөңгелек, дөңес болады. Бұл қалқан түрінің қайыс бау бекітілген тұсында, ортасында күмбезшелер жасалып, беттері оюланып, алтындалып әшекейленеді, құраннан аяттар жазылады.

Тұтастай темірден сомдалып жасалған қалқандар бірнеше қабат теріден жасалады. Тері қалқандарының да беттері металл күмбезшелермен күшейтіледі. Сәнді, әдемі болу үшін түрлі-түсті немесе алтынды оюлармен әшекейленіп, боялған дөңгелек тері қалқандар орта ғасырларда кең қолданылды. Тері қалқандар дөңес болып жасалады. Кейбір қалқандар жалпақ не жіңішке ағаш тақтайшаларды қатарлай көлденең ағашпен бекітіп, терімен сыртынан не астынан қаптап жасалған. Бұлардың да беріктігін арттыру үшін ортасына және қолға ұстайтын қайыс бауларына бекітілген жерлеріне металл күмбезшелер орнатылады.

Жай уақыттарда қалқанды ердің қасына іліп, не қанжығаға байлап алады. Немесе арнаулы қайыс баулармен иыққа асып алады. Соғыс кезінде қалқанды асынудың қазақтар әскеріне тән әдісі – арқа тұста басына көтере асыну. Айқас кезінде тактикалық мақсатта шегіне ұрыс салып, артқа бұрыла жақ тартарын қазақ батырлары қалқанды арқаға асыну әдісінде көп қолданған. Ал бетпе-бет айқасқа шыққанда батырлар қалқанды қолға ұстап соғысқан. Ол үшін қалқандардың екі қайыс баулары болады. Біреуін білекке іліп, екіншісі қолға ұсталанады [2, 148-149].

**Қолды, аяқты қорғайтын жарақтар.** Қазақтар матадан тігіліп, білекті шын-таққа дейін жауып тұратын, жұмыс істегенде қолды, киімді кірден сақтау үшін киетін киім жабдығын «жеңсе» деп атайды. Жауынгерлік жеңселерді пішіні жағынан екі түрге бөлуге болады. 1) қолдың білектен шынтаққа дейінгі бөлігін қорғайтын жеңселер; 2) қолдың бүкіл бойын қорғайтын ұзын жеңселер.

Атта отырғанда сауыттар тізені, балтырды жаппай тұрғандықтан, оларды қорғауға жауынгерлер арнаулы қосымша жарақ түрлерін қолданған. Тізені қорғайтын жарақты кішкене қалқанша тәрізді қылып металлдан соғып жасайды. Бұл жарақты қазақтар «тізелік» деп атайды.

Аяқтың балтырына киілетін қорғаныс жарағы – «балтырлық» деп аталады. Балтырлықтар да сауыт, жеңселер сияқты металл тіліктерден көбеленіп, темір не ағаш тақшаларды тері астарға шегемен бекітіп немесе металлдан тұтастай соғылып жасалған. Балтырлықтың екінші түрі – металл не ағаш, сүйек тақшаларды тері астарға қайырма шегелермен бекітіп жасалатын беренді балтырлықтар [2, 147].

**Жауынгерлік бас киімдер.** Қорғаныс жарағының бұл категориясы негізгі функциясына байланысты екі түрге бөлінеді. Жауынгерлік бас киімнің ең кең тараған бірінші түрінің атауы – «дулыға». Әрине басты жақсы қорғау үшін дулығалардың көбі металдан жасалатын. Жасауға оңайырақ болу үшін темір дулығалар көбіне бірнеше бөліктен жасалатын. Дулығаның жиегі дөңгелек құрсаудан тұрып, төбесі 4-8 сай темірден қосылып, қайырма шегемен бекітіледі. Төбелдірігі бөлек жасалып бекітілген. Жиегіне тесіктер жасалып, оған мойында қорғайтын кіреуке ілінеді. Тұтас темірден соғылған дулығалардың төбесі әдемі болу үшін тегістеліп, жалтыратылып қоятын. Дулығалардың іші мақпалмен, киізбен астарланған. Жиегінде адам мойынын қорғап, екі иыққа түсіп тұратын кіреукелі, көбелі, қаттамалы мойынжапқышы болады.

Қазақтардың қару-жарағы, оның типтік құрамы көшпелі халықтарға тән ерекшеліктерді сақтап қалғанын көреміз. Қазақтарда көшпелі халықтарға тән жауынгерлік қарулар мен қорғаныс жарақтары XVIII-XIX ғасырларға дейін, жекелеген үлгілері XX ғасырдың басында да қолданылып келді. Қазақ қару-жарағында өзіндік этникалық сипатпен бірге, көрші халықтардың соғыс құралдарының ықпалы да болды. Сонымен бірге қазақ жауынгерлері басқа халықтардың қару-жарақтарының жетілген үлгілерін де пайдаланған.

Бүгінгі көк аспанда көк байрағы желбіреген тәуелсіздіктің ақ таңына еліміздің оңайлықпен жетпегені белгілі. Азаттық атты ұлы мұратқа жету жолында ереуіл атты серік етіп, түнде ұйқы, күндіз күлкі көрмей жаумен жағаласып күн кешіп, елі мен жерін қызғыштай қорғаған батыр бабаларымыздың іздері қарт тарихта сайрап жатыр. Ұлтымыздың бағына бұйырған ақылгөй, болашақты көздей білген хандар, қол бастаған ерендер, арыстанның мысын басар батырларымыз аз болмаған. Олардың елді қорғаудағы жасаған қолбасшылық ерліктері мен жетістіктері және атақ-абыройлары өскелең ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге. Өткен батыр қолбасшыларымыздың ерліктері мен атқарған елдік істері және білікті тәжірибелерін насихаттау арқылы өткенімізді біліп қана қоймай, еліміздің бүгінгі әскер саласының нығаюына және өркендеуіне өзіндік үлес қосарымыз анық. Батырларымыздың ерліктері ұлт жадында мәңгі сақталуы үшін, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндеті бүгінгі аға буын еншісінде болуы заңдылық.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. – Алматы: «Алматы кітап», 2006. – 216 б, суретті.
2. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: «Дәуір», 1996. – 256 б.
3. Қазақтың ұлы қолбасшылары. Алматы: Атамұра, 2011. – 336 б.